



Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 15 сәуір N 218

1997 жылғы 5 мамырда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы
арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы
Шарт

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 6, 101-құжат)
(1998 жылғы 30 желтоқсанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 70 бет)

Бұдан әрі қарай "Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын
Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы

екі ел мен екі халықты байланыстыратын достықты нығайтуға және саясат,
экономика һәм мәдениет саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге тілек білдіре
отырып,

жалпы жұрт таныған бостандық, демократия, плюрализм құндылықтары және адам
құқықтарын құрметтеу негізінде өз қатынастарын дамытуға ұмтыла отырып,
құқыққа, бейбітшілікке және әділетке негізделген халықаралық тәртіпті нығайтуға
жәрдемдесуге ниет білдіре отырып,

Еуразиялық континентте жүріп жатқан терең саяси және экономикалық өзгерістерді
назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшеліктен туындайтын міндеттемелеріне өздерінің
адалдықтарын қуаттай отырып,

Хельсинки Қорытынды Актісінің, Жаңа Еуропаға арналған Париж Хартиясының және Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның өзге де құжаттарының принципті түрдегі ерекше маңыздылығын түйсіне отырып және осыған байланысты өздеріне алған міндеттемелерін қуаттай отырып,

Жаңа Еуропаны құрудағы Еуропалық Одақтың, НАТО-ның, ЕҚЫҰ мен басқа да еуропалық құрылымдардың рөлін түйсіне отырып,

1995 жылғы 23 қаңтарда қол қойылған Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Еуропалық Одақ пен Қазақстанның барынша тығыз байланыстарын қолдау мақсатында,

өзара достық, ынтымақтастық және тату-тәтті көршілік қатынастарын дамытуға бел буа отырып,

мыналар жөнінде уағдаласты:

1-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар егемендік, тең құқықтылық және адамның негізгі құқықтары мен бостандығын сақтау принциптеріне сәйкес өз қатынастарын сенім, ынтымақтастық және өзара сыйластық негізінде дамытатын болады.

Осындай мақсатта Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қажет болған жағдайда осы Шарттың ережелерін жүзеге асыру үшін келісімдер жасасады.

2-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар мемлекеттер арасындағы қатынастарда бейбіт құралдар арқылы шешілуге тиісті халықаралық дауларды шешу тәсілі ретінде күш қолдану мен күш қолдану қатеріне жол бермейтіндіктерін қуаттайды.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымының рөлін нығайту, БҰҰ Жарғысының ережелерін жан-жақты сақтауды және әлеуетін пайдалануды қамтамасыз ету, халықаралық құқықтың басымдығын қамтамасыз ету, ұжымдық қауіпсіздікке және әрбір мемлекеттің қауіпсіздігіне кепілдік ету мақсатында бірлесіп әрекет ететін болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар келіспеушіліктерді бейбіт түрде шешу және жанжалдарды болдырмау үшін Еуропалық құрылымдарда көзделген механизмдерді құруға және олардың тиімді қызмет етуіне жәрдемдесуге міндеттенеді.

3-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ортақ мүддені көздейтін екі жақты және көп жақты мәселелер жөнінде консультациялар өткізетін болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың сыртқы істер министрліктері тұрақты түрде байланыс жасап отыратын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өздері мүшелері болып табылатын немесе мүшелері болатын халықаралық ұйымдар шеңберінде ынтымақтасатын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар сондай-ақ екі ел парламенттері арасындағы қатынастарды дамытуға жәрдемдесетін болады.

4-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Еуразиялық континентте ынтымақтастыққа және тұрақтылық пен қорғаныстың жеткілікті болуын қолдау үшін қажетті қарулардың барынша төмен деңгейіне негізделген сапалық жаңа қорғаныс негіздерін құру мақсатында өздерінің күш-жігерін біріктіреді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Еуропадағы және күллі дүниежүзіндегі қауіпсіздік үшін қарусыздану жөніндегі келісімдердің ерекше маңыздылығын түйсіне отырып, қарусыздану жөніндегі келіссөздерге белсенді түрде жәрдемдесетін болады. Олар Еуропада және Еуразиялық континентте қарусыздану жөнінде және сенім мен қауіпсіздікті нығайту жөнінде жаңа келісімдер жасасуды қолдайды.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар сондай-ақ жаппай қырып-жоятын қаруды таратудың алдын алу, атап айтқанда, ядролық қаруды таратпау режимін нығайту жолы арқылы оны болдырмау мақсатында тиісті халықаралық жиындарда өзара келісе отырып қимылдайтын болады және барынша транспаренттілікке және жай қару-жарақты беру саласындағы бақылауға жәрдемдесетін болады.

5-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар аймақтық тетіктерді, сондай-ақ БҰҰ-ның Жарғысы мен тиісті конвенцияларында көзделгендерді пайдалана отырып, құқықтық мемлекет, демократия, саяси плюрализм принциптерін нығайтуға адам құқын қорғауды күшейтуге барынша жәрдемдесетін болады.

Осы мақсатта Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар табанды түрде демократияны, қауіпсіздікті және құқықтық мемлекет нормаларын сақтауды нығайтуға, белсенді түрде барлық мемлекеттер арасында достық қатынастарды дамытуға жәрдемдесуге, Хельсинки Қорытынды Актісінің, Жаңа Еуропаға арналған Париж Хартиясының және басқа да ЕҚЫҰ құжаттарының ережелерін толық құрметтеу негізінде адам өлшемі жөніндегі ережелерді және экономика, мәдениет Іәм қоршаған ортаны қорғау салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға ниеттенеді.

6-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екі мемлекет пен халықаралық қауымдастық мүдделері үшін экономика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ғылым, техника және экология салдарында ынтымақтастықты одан әрі қарай дамыту мақсатында бірге әрекеттесетін болады. Атап айтқанда, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар 1994 жылғы 22 қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы арасындағы Экономикалық ынтымақтастық туралы Декларацияда белгіленген секторларда екі жақты экономикалық ынтымақтастықты дамытуға және 1994 жылға 22 қыркүйекте қол қойылған Ғылыми және технологиялық ынтымақтастық туралы Хаттамада бекітілген жоғары технологиялар саласындағы ынтымақтастықты дамытуға міндеттенеді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар экономикалық реформалар бағдарламаларын, Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуін жүзеге асыру үшін, сондай-ақ ынтымақтастықтың, соның ішінде аймақтық ынтымақтастықтың қолда бар мүмкіндіктерін жан-жақты дамыту үшін мұндай ынтымақтастық ерекше маңызды екендігін түйсінеді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өздері қатысушылары болып табылатын көп жақты экономикалық ұйымдар шеңберінде ынтымақтастықты дамыта түсетін болады.

7-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екі жақты ынтымақтастықтың барлық салаларын үйлестіру және ынталандыру үшін, мұндай ынтымақтастық процесі кезінде туындайтын проблемаларды шешу үшін Экономикалық және жалпы мәселелер жөніндегі жұмыс тобын және Экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастық пен алмасу жөніндегі жұмыс тобын құрады.

Қазақстан және итальян жақтарынан Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Сыртқы істер министрліктерінің өкілдері басқаратын Экономикалық және жалпы мәселелер жөніндегі жұмыс тобы Тараптардың өздері талқылайтын мәселелерде құзыретті болып табылатын министрліктері мен ведомстволары өкілдерінен құралады.

Экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу жөніндегі жұмыс тобын мыналар:

- қазақстан жағынан - Экономика және сауда министрлігінің өкілі;
- итальян жағынан - Сыртқы сауда министрлігінің өкілі басқаратын болады.

Аталған Жұмыс Тобы сол Топ талқылап отырған мәселелер бойынша құзыретті министрліктер мен ведомстволар өкілдерінен тұрады, сондай-ақ қажет болған жағдайда Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың Үкіметтері бұған әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар мен өнеркәсіп ассоциациялары өкілдерінің қатысуын да көздейді.

Аталған Жұмыс Тобы кеңейтілген құрамда Уағдаласушы Тараптардың заңдарына

сәйкес тиісті жобаларды айқындау және әзірлеу, оларды қаржыландыру мен сатудың әлеуетті көздерін іздестіру жолымен әрбір өнеркәсіп секторында тәжірибе, технологиялар және мамандар алмасуға, ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесуге тиіс. Қажет болған жағдайда жоғарыда аталған жобалар италян жағының жәрдемдесуімен оның тарапынан қолдау көрсету мақсатында Еуропалық Одақтың түрлі мекемелерінің қарауына ұсынылатын болады. Жұмыс Тобының құзырына инвестицияларды қорғауға, сондай-ақ Тараптар құрған бірлескен кәсіпорындардың қызметінде даулардың туындауын болдырмауға және оларды реттеуге байланысты мәселелер енетін болады.

8-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Римде 1994 жылғы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасы Үкіметтерінің арасында қол қойылған Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау келісімімен және Табыс салығына қатысты қосарланған салықты жою және салық төлеуден жалтаруды болғызбау туралы конвенциядан туындайтын міндеттемелерін қуаттайды.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар сонымен бірге экономикалық қызметте қолданылатын экономика және құқық саласындағы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым, зерттеулер мен технологиялар саласындағы техникалық ынтымақтастықты дамытатын болады. Олар кәсіби даярлық саласында ынтымақтасатын, шағын және орта кәсіпорындарға айрықша назар аудара отырып, кәсіпкерлік және кредит қызметтерін ұйымдастыру және басқару жөніндегі консультацияларға қатысатын болады.

9-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар энергетика, көлік және телекоммуникация саласындағы ынтымақтастыққа басым маңыз береді. Олар энергия өндіру саласына, инфрақұрылымдарды және тиісті байланыс құралдарын жетілдіруге айрықша назар аудара отырып, жоғарыда аталған салаларда өнеркәсіптік қызметтің техникалық аспектілерін шешуде бір-біріне көмек көрсетіп отыратын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар экономикалық ынтымақтастықты дамыту және потенциалды инвесторларды тарту үшін электр энергиясы, мұнай, табиғи газ жеткізілімдерінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығының маңызын түйсіне отырып, Еуропалық Энергетикалық Хартияға қосымша Шарттың нормалары мен принциптерін есепке ала отырып, көмірсутектерін, газды және электр энергиясын зерттеу, пайдалану және тасымалдау мәселелеріне айрықша назар аударатын болады.

10-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ғылым және алдыңғы қатарлы технологиялар саласындағы, соның ішінде техникалық, ғылыми және технологиялық ынтымақтастықтың Еуропалық бағдарламасы шеңберінде екі ел тиісті органдарының ынтымақтастығын, әсіресе, бұрынғы Кеңестер Одағының Жана Тәуелсіз Мемлекеттерінің ғалымдары арасындағы ынтымақтастыққа (ИНТАС) жәрдемдесу жөніндегі халықаралық ассоциация жұмысын жандандыру жолымен ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болады. Италия, мүмкіндігіне қарай, Қазақстанның бұл бағдарламаларға қатысуын қолдайтын болады.

11-бап

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің ғаламдық сипатын түйсіне келе, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Каспий, Арал және Жерорта теңіздерін экономикалық қорғауға айрықша назар аудара отырып, осы саладағы ынтымақтастықты дамытатын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар табиғи немесе адамның іс-әрекеті арқылы пайда болған табиғат апаттарын жорамалдау және олардың алдын алу саласындағы, сондай-ақ олардың салдарын жеңілдету немесе жою саласындағы ынтымақтастықты дамытатын болады.

12-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар, соның ішінде халықаралық және аймақтық ұйымдар шеңберінде, қолданыстағы қондырғыларда халықаралық нормаларға және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келтіруге айрықша назар аудара отырып, атом станцияларының қауіпсіздік деңгейін көтеруге бағытталған арнаулы бағдарламаларды әзірлеуге жәрдемдесетін болады.

13-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар еуропа елдері арасындағы ынтымақтастықты дамыту басқа континент елдерімен ынтымақтың жолын нығайта түсу арқылы жүзеге асатын болады деп үміттенеді.

14-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екі ел арасындағы мәдени алмасуларға жәрдемдесуге келісті және екі жақты ынтымақтастықты дамыту мақсатында өздерінің

аумақтарында білім беру және екінші ел әдебиетін, ғылымын, өнерін, мәдениетін және дәстүрлерін тарату жолымен, сондай-ақ жастар алмасу жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру жолымен олардың халықтарын жақындастыруға бағытталған Мәдениет саласында келісім жасасу мүмкіндігін қарастырады.

15-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ғылыми-технологиялық ынтымақтастық саласында бірлескен іс-әрекеттің дамуына өзара мүдделілікті мойындайды және осы мақсаттарда олар бірлескен зерттеулердің, даму мен білім беру жөніндегі бағдарламалардың жүзеге асырылуына, сарапшылар мен техникалық миссиялар, ақпарат пен құжаттар және оларды таратудың тиісті құралдарын алмасуға жәрдемдесетін болады.

16-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар құқықтық мәселелер жөнінде және консулдық қатынастар саласында, сондай-ақ мезгіл-мезгіл консультациялар жүргізу жолымен ынтымақтастықты дамытатын болады. Олар өзаралық негізде, мүмкіндігіне қарай, екінші Тарап азаматтарына ресми, іскерлік, мәдени, туристік және жеке сапарлар үшін келу визаларын беруді жеңілдетуге ниет білдіреді.

17-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ұйымдасқан қылмыстың, есірткілердің заңсыз айналымының және барлық нысандағы контрабанданың алдын алу мен оларға қарсы күресу ісінде ынтымақтасатын болады. Тараптар сонымен бірге халықаралық терроризммен күресте ынтымақтасатын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар жоғарыда аталған салаларда арнайы келісімдер жасасу мүмкіндіктерін қарастырады.

18-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың осы Шарт шеңберінде қабылдаған уағдаластықтары Тараптардың әрқайсысының Еуропалық Одақ пен оның институттары шеңберінде алған міндеттемелерін ескеретін болады.

Осы Шарттың ережелері Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың бұрынырақта жасасқан екі жақты және көп жақты шарттары мен келісімдерінен туындайтын міндеттемелерін ешқандай да қозғамайды.

Осы Шарттың қандай да бір үшінші елге зиян келтіру ниеті жоқ.

19-бап

Осы Шарт Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының конституциялық процедураларына сәйкес бекітілетін болады және бекіту грамоталарымен алмасқан сәттен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес БҰҰ

Бас Хатшылығында тіркелуі тиіс.

20-бап

Осы Шарт он бес жыл мерзімге жасалды.

Егер Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы екінші Тарапқа жазбаша мәлімдеу жолымен тиісті мерзім біткенге дейін кемінде бір жылдан кешіктірмей өзінің Шартты бұзуға шешім қабылдағаны туралы мәлімдемесе, онда оның қолданысы келесі бес жылдық мерзімдерге өздігінен ұзартылатын болады.

Алматы қаласында 1997 жылғы 5 мамырда, әрқайсысы қазақ және итальян тілдерінде екі данада жасалды, сондай-ақ екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасы Италия Республикасы
үшін үшін

Мамандар:

Орынбекова Д.

Нарбаев Е.

(Конвенция Парламенттен алынған)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК